

КАЗАХСКАЯ ЛИТЕРАТУРА

Инструкция: Вам предлагаются задания с одним правильным ответом из четырех предложенных.

1. Ақан серінің «Қыз сипаты» өлеңінде қызға берілген үшінші сипаттама
 - A) тілі жорға
 - B) ізеті жоғары
 - C) ақша маңдай
 - D) дана қыз
2. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының жанры
 - A) Батырлық жыр
 - B) Лиро-эпостық жыр
 - C) Шешендік жыр
 - D) Эпостық жыр
3. Ғылыми-фантастикалық жанрда жазылған шығарма
 - A) «Көшпенділер»
 - B) «Жетінші толқын»
 - C) «Мен – роботпын»
 - D) «Уақыт қайтарымы»
4. Ұлықбек Есдәулеттің шығармасы
 - A) «Аралым»
 - B) «Уақыт»
 - C) «Қара пима»
 - D) «Қазақ тілі»
5. Д. Досжанның «Төрт патшаны көрген кейуана» әңгімесінде бейнеленген қазақтың салт-дәстүрі
 - A) бата беру
 - B) қыз ұзату
 - C) тоқым қағар
 - D) беташар
6. Б. Ұзақовтың «Жантаза» шығармасының жанры
 - A) аңыз
 - B) роман
 - C) ертегі
 - D) пьеса
7. Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романының басты кейіпкері
 - A) Рай
 - B) Мөңке
 - C) Дос
 - D) Еламан

8. М.Мақатаевтың «Ертең біз жол жүреміз» өлеңіндегі автордың болашаққа апаратын сый-сияпаты
- А) жақсылық
 - В) жауапкершілік
 - С) өжеттілік
 - Д) ұқыптылық
9. Берілген өлең жолдары қай ақынның шығармасы?
*Үшеуі де ғылым қуып назарға ерте ілінді.
Сол үш ұлдың бірі гана қайсар, ұшқыр арманын,
Техникалық санаты мен ғылыми өр талғамын
Өз ұлтының рухани байлығына жалғады.*
- А) М.Мақатаев
 - В) Т.Айбергенов
 - С) М.Шаханов
 - Д) Д.Әшімханов
10. І.Жансүгіровтің «Күй» поэмасындағы кейіпкер
- А) Молықбай
 - В) Әмірқан
 - С) Еламан
 - Д) Жанқожа
11. Ғ.Мұстафиннің «Шығанақ» романындағы кейіпкерлер қатары
- А) Олжабек, Мешел, Жантаза
 - В) Абзал, Мешел, Жамал
 - С) Қияс, Мешел, Олжабек
 - Д) Олжабек, Жамал, Мешел
12. С.Мұқановтың «Саятшы Ораз» әңгімесінің негізгі ойы
- А) Жақсылық ізсіз кетпес
 - В) Сый қылсаң, сыпыра қыл
 - С) Еңбегіне қарай өнбегі
 - Д) Еңбек ер атандырады
13. Бірінші жақтан, автобиография жанрында жазылған Медеу Сәрсекенің шығармасы
- А) «Уақыт қайтарымы»
 - В) «Жетінші толқын»
 - С) «Мен – роботпын»
 - Д) «Бір тойым бар»
14. Қ.Олжайдың «Жер мен аспан арасындағы дастан» кітабында көтерілген жаһандық экологиялық мәселе
- А) ауаның шектен тыс ластануы
 - В) тұщы су мөлшерінің азаюы
 - С) қорықтардағы заңсыз аңшылық
 - Д) полиэтиленнің табиғатқа зияны

15. Ә.Нұршайықовтың Бауыржан Момышұлының ерлігі туралы романы
- A) «Махабат жыры»
 - B) «Ақиқат пен аңыз»
 - C) «Адам тағдыры»
 - D) «Тоғыз толғау»
16. Жюль Верннің «Әлемді шарлау» шығармасында әлемді 80 күнде шарлауға бәстесетін басты кейіпкер
- A) Жюль
 - B) Стюарт
 - C) Фогг
 - D) Паспарту
17. Болат Бопайұлының «Қазақы наурызнама» шығармасында Ұлыстың ұлы күнінің басталуына сай келетін негізгі оқиға.
- A) Кемедегі адамдардың аман қалуы
 - B) Жеті дәннен көже жасауы
 - C) Айналаны балшықтан тазартуы
 - D) Қисайып қалған ағаштарды түзетуі
18. Ғ.Мұстафиннің «Шығанақ» романындағы егіншілердің егін басына кешігу себебі
- A) Жердің дегдуін күтті
 - B) Еңбек еткісі келмеді
 - C) Күннің жылуын күтті
 - D) Құрал-сайманды күтті
19. Т.Айбергеновтің «Бір тойым бар» өлеңінің негізгі ойы
- A) Ән салып, палуандарға бәйге беру
 - B) Бір той жасап адамдарды билетпей қайтармау
 - C) Қуанышы мен игілігін адамдармен бөлісу
 - D) Жасы кішілерге үлкенді сыйлауды үйрету
20. Т.Әлімқұловтың «Қараой» шығармасының басты кейіпкері
- A) Ықылас
 - B) Махамбет
 - C) Әуес
 - D) Жаңаберген

Инструкция: Вам предлагаются тестовые задания на основе контекста с выбором одного правильного ответа из четырех предложенных. Внимательно прочитайте контекст и выполните задания.

Байқоңыр жерінің ғарыштық болашағы туралы өз заманында Қорқыт ата көріпкелдікпен айтып кеткен. Сақталып қалған аңыздарда, бірен-саран жазбаларда Қорқыт атаның қасиетті жерді, мәңгілік өмірді іздегені айтылады. Жер-дүниені кезген оның соңынан өзі қатты қорқатын өлім еріп жүреді. Ақырында ол ғайыптан «Егер жердің кіндігін тапсаң, аман қаласың» деген сөзді естиді.

Қорқыт ата еш уақытта соғыс, табиғат апаттары болмайтын, «өлім» дегенді білмейтін жерді іздеген. Ақырында Қорқыт ата туған жеріне, Сырдарияның жағасына қайтып оралады. Ойлана келе, ол «мәңгілік өмір – өнерде» деген тоқтамға келеді. Сөйтіп, жан дүниенің тебіренісін сыртқа шығара алатын аспапты – қобызды ойлап табады. Аңыз бойынша, Қорқыт ата дарияның ортасына, судың бетіне кілем төсеп, қобызын тартатын көрінеді. Сонда күйдің құдіреті оны судың бетіне қалқытып, батып кетуге жібермепті. Бірде қалғып кеткен кезде оны кішкентай жылан шағып алыпты, абыз содан көз жұмыпты.

Өлерінің алдында ол өзінің қасиетті жерді тапқанын айтады. Бұл жер – Сырдарияның бойы екен. Ол өзі көз жұмған жерін «Жердің кіндігі» деп атаған көрінеді.

Талай ғасыр өткеннен кейін Сергей Королев бастаған кеңес ғалымдары ғарыш айлағын салу үшін қазіргі Байқоңырды таңдап алды. Бұл – Қорқыт ата жерленген өңірге таяу тұрған жер. Қателеспепті. Күн жылдың 300 күнінде жарқырап тұрады. Шынында, Байқоңыр дүниежүзі ғарышкерлерінің бесігіне, ғарыш орталығына, адамдар ғарышқа аттанатын Жердің айлағына айналды. Дәл осы жерде, қазақ жерінде, олар «ғарышкер» атанды.

21. Қобызшы өлімінің себебі

- A) Ауруына ем табылмай, ұзақ жатып, су жағасында көз жұмады.
- B) Ажалы жетіп, ауруына байланысты өз үйінде көз жұмады.
- C) Қалғып кеткен кезінде кішкентай жылан шағып алады.
- D) Қобыз тартып отырған кезінде улы жәндік шағып алады.

22. Қорқыт атаның қобыз тартқан жері

- A) Дарияның ортасы
- B) Таудың басында
- C) Таудың етегінде
- D) Дарияның жағасы

23. Қобыздың қасиеті

- A) Ойынды тез шығара алатын, тебіреністі жеткізетін
- B) Тапқырлықты, шешендікті көрсететін аспап түрі
- C) Суырып салма қасиетінді көрсететін ұлттық аспап
- D) Жан дүние тебіренісін сыртқа шығара алатын аспап

24. Қорқыт атаның «мәңгілік өмір» туралы тоқтамы

- A) «Өлім» дегенді білмейтін жерде
- B) Еш уақытта соғыстың болмауында
- C) Табиғат апаттарының болмауында
- D) Тамыры терең өнерде

25. Қобызшының суға батпау себебі

- A) Су ағысының баяулығы
- B) Күйдің құдіретінен
- C) Судың таяздығынан
- D) Салмағының жеңілдігі

Инструкция: Вам предлагаются задания, в которых могут быть один или несколько правильных ответов.

26. М.Жұмабаевтың «Қазақ тілі» өлеңінде тілге берген теңеуі(теңеулері)
- A) өткір
 - B) ұшқыр
 - C) терең
 - D) таза
 - E) асқар
 - F) алтын
27. Қадыр Мырза Әлінің «Аралым» өлеңінде ақынның көңіл-күйі берілген қатар(-лар)
- A) күту
 - B) қуану
 - C) оралу
 - D) сағыну
 - E) қобалжу
 - F) аңсау
28. І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының бөлім(-дер)і
- A) «Алмас қылыш»
 - B) «Қаһар»
 - C) «Сергелдең»
 - D) «Жанталас»
 - E) «Күйреу»
 - F) «Ымырт»
29. Ы.Алтынсариннің «Дүние қалай етсең табылады» әңгімесінің негізгі идеясы
- A) Жер мәселесі
 - B) Еңбекке баулу
 - C) Ерлікті дәріптеу
 - D) Тіл тағдыры
 - E) Күнделікті тұрмыс
 - F) Достық туралы
30. Ілияс Жансүгіровтың «Күй» поэмасын жазудағы негізгі қағида(-лар)ы
- A) Өнердің құдіретін көркем жеткізу
 - B) Бозінген түйенің қасиетін сипаттау
 - C) Молықбай шалдың өмірбаянын баяндау
 - D) Халықтың өнерін күймен көрсету
 - E) Күйдің эстетикалық күшін таныту
 - F) Сыр өзенінің көрінісін суреттеу

31. Төлеген Айбергеновтің қай шығармасынан берілген үзінді
*Мен, сөйтіп, бар шаңнан бір сілкінемін,
Мен, сөйтіп, рақаттанып бір күлемін.
Кім білсін, талай күнгі арманым ед,
Мәңгілік тарқамауы да мүмкін оның...*
- A) «Өмір жолы»
 - B) «Көктем»
 - C) «Адамдар»
 - D) «Махаббат»
 - E) «Бір тойым бар»
 - F) «Сағыныш»
32. М.Мақатаевтың «Ертең біз жол жүреміз» өлеңіндегі автордың ойына сәйкес келетін сөйлем(-дер)
- A) Жаман қасиеттерді алып кетпеу
 - B) Білмеген нәрсені үйренуге
 - C) Ішкі сезімін ерекше көрсету
 - D) Ұзақ сапарға жол жүру
 - E) Тағдырдан жақсылық күту
 - F) Болашаққа жастарды шақыру
33. Қадыр Мырза Әлінің «Аралым» өлеңіндегі көркемдеуіш сөз(-дер)
- A) ақ айдын
 - B) аққу арман
 - C) бораған құм
 - D) көк дауыл
 - E) биік жартаc
 - F) құстар үні
34. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» шығармасындағы Баян сұлудың бойындағы адамгершілік қасиет(-тер)
- A) Өр мінезді, ақылды, тоқтамға келе қоймайтын
 - B) Әкесінің сөздерін жадында сақтап өскен, момын
 - C) Сүйіспеншілік қасиеттерін жоғары бағалайды
 - D) Ақылды, өр мінезді, адамдық сезіміне берік
 - E) Ақылды, бірбеткей, сабырсыз, өр мінезді
 - F) Сүйіспеншілік қасиеттерін төмен бағалайды
35. Қ.Мырза Әлінің «Аралым» өлеңіндегі ақынның күтетін арманы
- A) Теңіз айбынының жоғалуы
 - B) Шағаланың шулауы
 - C) Аққудың қанат қағуы
 - D) Күннің телміріп қарауы
 - E) Теңіздің шалқуы
 - F) Кемелердің жағаға шөгуі